



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАН ПАРЛАМЕНТИ  
МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ

СІЛТІМ НОМЕРІ: 09.31.103  
КҮНІ: 11.08.10  
ЖҮРГІЗІЛГЕН КҮНІ: 2009 жыл 15.08  
ОСІ: 010540003431



«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Жалғыз акционерінің  
№ 01-02 жьлығы «24» 11  
(№ 94-н бұйрығымен)  
шешімімен

БЕКІТІЛГЕН

«АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТИ»  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕРМЕН  
ЖӘНЕ  
ТОЛЫҚТЫРУЛАР

№1 ж. н. 14.01  
ОСІ: 010540003431  
АДВАКАТ ТҮРІНДЕ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ: 2009 жыл 15.08  
КҮНІ: 11.08.10

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ»

АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ

ЖАРҒЫСЫ

«АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТИ»  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ЗАҢДЫ ТҮЛҒАНЫ  
МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ

№04 ж. н. 02.04  
КҮНІ: 11.08.10  
АДВАКАТ ТҮРІНДЕ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ: 2009 жыл 15.08  
ОСІ: 010540003431



Астана қаласы, 2010 жыл



## 1-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ

1. «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Қоғам») «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамын құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 15 наурыздағы № 310 қаулысына сәйкес құрылған.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы Заңына сәйкес Қоғамның «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамы» атауынан «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы» атауына өзгертілді.

### 2. Қоғам:

1) Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі «Қазақстан темір жолы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (қайта тіркеу туралы 2001 жылғы 06 сәуірдегі № 7140-1901-МК куәлігі);

2) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің «Қазақстан темір жолы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны «Инфрақұрылым» еншілес мемлекеттік кәсіпорнының (тіркеу туралы 2001 жылғы 23 қарашадағы № 10893-1901-МК куәлігі);

3) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің «Қазақстан темір жолы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны «Локомотив» еншілес мемлекеттік кәсіпорнының (тіркеу туралы 2001 жылғы 23 қарашадағы № 10885-1901-МК куәлігі);

4) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің «Қазақстан темір жолы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны «Вагон паркін басқару жөніндегі бірінші мемлекеттік компания» еншілес мемлекеттік кәсіпорнының (тіркеу туралы 2001 жылғы 01 қарашадағы № 10756-1901-МК куәлігі);

5) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің «Қазақстан темір жолы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны «Вагон паркін басқару жөніндегі екінші мемлекеттік компания» еншілес мемлекеттік кәсіпорнының (тіркеу туралы 2001 жылғы 14 қарашадағы № 10817-1901-МК куәлігі);

6) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің «Қазақстан темір жолы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны «Вагон паркін басқару жөніндегі үшінші мемлекеттік компания» еншілес мемлекеттік кәсіпорнының (тіркеу туралы 2001 жылғы 14 қарашадағы № 10816-1901-МК куәлігі);

7) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің «Қазақстан темір жолы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны «Жүк тасымалдары» еншілес мемлекеттік кәсіпорнының (тіркеу туралы 2001 жылғы 23 қарашадағы № 10888-1901-МК куәлігі);

8) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің «Қазақстан темір жолы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны «Хромтау – Алтынсарин темір жол желісін салу және уақытша пайдалану жөніндегі дирекция»

еншілес мемлекеттік кәсіпорнының (тіркеу туралы 2002 жылғы 31 қаңтардағы № 11252-1901-МК куәлігі) құқық иеленушісі болып табылады.

3. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылады және өз қызметін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ осы Жарғыға (бұдан әрі – Жарғы) және Қоғамның Корпоративтік басқару кодексіне және Қоғамның басқа құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

4. Қоғам Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік тіркелген сәттен бастап заңды тұлға мәртебесін алады.

5. Қоғамның қаржылық және өндірістік қызметі шаруашылық дербестігі негізінде жүзеге асырылады.

6. Қоғамның дербес теңгерімі, банктік, соның ішінде валюталық шоттары толық фирмалық атауы мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылған мері, тауар белгісі және үлгілері белгіленген тәртіппен бекітілетін және тіркелетін символикасы болуы мүмкін, сондай-ақ мемлекеттік және орыс тілдерінде мертабаңдары, фирмалық бланктері және басқа да деректемелері бар.

## **2-БАП. ҚОҒАМНЫҢ АТАУЫ, ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУ МЕРЗІМІ**

7. Қоғамның атауы:

1) мемлекеттік тілде:

толық атауы – «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы;

қысқаша атауы - "ҚТЖ" ҰК" АҚ;

2) орыс тілінде:

толық атауы – Акционерное общество «Национальная компания «Қазақстан темір жолы»;

қысқаша атауы – АО "НК "ҚТЖ";

3) ағылшын тілінде:

толық атауы - Joint Stock Company "National Company "Kazakhstan Temir Zholy»;

қысқаша – JSC «NC «KTZ» .

8. Қоғам Басқармасының орналасқан жері: 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Қонаев көшесі, 6.

9. Қоғамның қызмет ету мерзімі – шектелмеген.

## **3-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰРЫЛТАЙШЫСЫ ЖӘНЕ ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРІ**

10. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қоғамның құрылтайшысы болып табылады.

11. «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы Қоғамның жалғыз акционері болып табылады.

## 4-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫ

12. Жарғы Қоғамның құрылтай құжаты болып табылады.
13. Барлық мүдделі тұлғалар Жарғымен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен танысуға құқылы.

## 5-БАП. ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН ТҮРЛЕРІ

14. Қоғам қызметінің мақсаттары:

- 1) таза табыс табу;
- 2) экономиканың және халықтың багажды, жүк-багажды, жүктерді, почталық жөнелтілімдерді темір жол көлігімен тасымалдаудағы қажеттіліктерін толассыз және сапалы қамтамасыз ету;
- 3) поездардың қозғалыс қауіпсіздігін және тасымалданатын багаждың, жүк-багаждың, жүктердің, почталық жөнелтілімдердің сақталуын қамтамасыз ету;
- 4) темір жол көлігінің жұмылдыру әзірлігін қамтамасыз ету, құпия және қызметтік мәліметтерді жария болудан қорғау бойынша кешенді шаралар жүргізу болып табылады.

15. Аталған мақсаттарға қол жеткізу үшін Қоғам мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- 1) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен бағдарлама бойынша магистральдық темір жол желісін салуды, күтіп ұстауды және жетілдіруді жүзеге асыру;
- 2) тасымалдау процесін басқару;
- 3) магистральдық темір жол желісі қызметтерін көрсету;
- 4) темір жол көлігімен жүк, соның ішінде қауіпті жүктерді тасымалдауды жүзеге асыру;
- 5) темір жолдың жылжымалы құрамын, соның ішінде қауіпті жүктерді тасымалдауда қолданылатын арнайы контейнерлерді жөндеу;
- 6) жүк жөнелтушілердің, жүк алушылардың тасымалдаудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру, тасымалданатын жүктердің сақталуын және олардың тағайындалу пункттеріне уақтылы жеткізілуін қамтамасыз ету;
- 7) маркетингтік қызмет;
- 8) көліктің әр түрін қатыстыра отырып, тікелей және аралас қатынастар жүйесін ұйымдастыру;
- 9) Қазақстан Республикасының тасымалдау әдеуетін барынша толық пайдалану жөніндегі шараларды жүзеге асыру;
- 10) Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігімен келісе отырып, темір жол транзиттік-көлік дәліздерін қалыптастыру жөніндегі іс-шараларға қатысу;
- 11) сыртқы экономикалық қызмет және шетелдік ұйымдармен экономикалық ынтымақтасуды дамыту;
- 12) өнімдерді, көрсетілетін қызметтерді экспорттау (импорттау);

- 13) Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын қорғау жөніндегі қызмет;
  - 14) Қоғамның қызметі туралы материалдарды әзірлеу және жинақтау, қорыту, Қоғамның жарнамалық қызметін жүзеге асыру үшін кітаптар, альбомдар, журналдар, буклеттер, анықтамалықтар, фотоальбомдар, бейнефильмдер шығару;
  - 15) магистральдық желінің инфрақұрылымын жоспарлы түрде және кешенді дамыту;
  - 16) ғимараттарды, құрылыстарды және техникалық құралдарды ақаусыз күйде күтіп ұстау;
  - 17) темір жол көлігі саласында ақпараттық қызметтер көрсету;
  - 18) темір жол көлігі саласында кадрларды кәсіби дайындау, қайта дайындау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі қызмет;
  - 19) темір жол көлігінің қажеттіліктері үшін импорт алмастырушы өндірісті дамытуға қатысу;
  - 20) реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсынған кезде пайдаланбайтын мүлікгі жалдауға (жалға беруге);
  - 21) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қызметтер.
16. Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіп бойынша алынуы қажет лицензия немесе басқа түрдегі рұқсатты талап ететін қызмет түрлері тиісті лицензиялар немесе басқа түрдегі рұқсаттар алынғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

## 6-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

17. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық құқықтарды иеленеді және міндеттерді атқарады.
18. Қоғам Жалғыз акционерінің мүлкінен оқшауланған мүлікке иелік етеді және оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қоғам өзінің міндеттемелері бойынша өз мүлкінің шегінде жауапты болады.
19. Жалғыз акционер Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қоғамның қызметіне байланысты, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, өзіне тиесілі акциялардың құны шегінде шығындар қатерін тартады.
20. Қоғам мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сол сияқты мемлекет те Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.
21. Қоғам магистральдық темір жол желісіне иелік етуді және пайдалануды жүзеге асырады.
22. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте темір жол әкімшілігін халықаралық ұйымдарда өзінің өкілеттігі шегінде білдіреді.
23. Қоғам Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің темір жол әкімшіліктерінің (темір жолдарының) Тарифтік келісіміне қатысушы болып табылады, халықаралық қатынаста жүк тасымалдарына арналған тарифтік саясатты әзірлейді.

24. Қоғам өз атынан мәмілелер (шарттар, контрактілер) жасай алады, мүлдікті және жеке мүлдікті емес құқықтар мен міндеттемелер ала алады, сотта талапкер және жауап беруші бола алады, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да іс-әрекеттерді жүзеге асыра алады.

25. Қоғам қорғалатын құжаттарды, технологияларды, «ноу-хау» және басқа ақпараттарды иелену және пайдалану құқығын ала және бере алады.

26. Қоғам бағалы қағаздарды шығара және оларды тарата алады, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздарды сатып ала алады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында қызделген тәртіппен өзінің қаржылық қатерлерін туынды қаржылық құралдар арқылы сақтандыра алады.

27. Қоғам Қазақстан Республикасында және шетелде өзінің филиалдары мен өкілдіктерін құра алады, оларға негізгі құралдар мен ағымдағы активтерді бере алады және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың қызмет тәртібін белгілей алады. Филиалдар мен өкілдіктердің мүлкі Қоғамның теңгерімінде есепке алынады.

28. Қоғам филиалдардың және өкілдіктердің Қоғам тағайындайтын лауазымдар номенклатурасын, сондай-ақ жылдық еңбекақы қорының көлемін бекітеді. Филиалдың басшысы және өкілдіктің басшысы Қоғам берген сенімхаттар негізінде әрекет етеді.

29. Қоғам өндірістік қызметті жоспарлауға, қызметкерлердің еңбегіне төлем жасауға, материалдық-техникалық жабдықтауға, әлеуметтік дамытуға, кадрларды іріктеуге, орналастыруға, қайта даярлауға және біліктігін арттыруға байланысты барлық мәселелерді дербес шешеді.

30. Қоғам белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде орналасқан банктер мен басқа қаржылық мекемелерде ұлттық және шетелдік валютада шоттар ашады.

31. Қоғамның Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кепілгер болуға, қазақстандық, шетелдік заңды және жеке тұлғалардан теңгемен де, шетелдік валютамен де қарыздар алуға және кредиттер пайдалануға құқығы бар.

32. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген стандарттарға сәйкес Қоғамның барлық бөлімшелерінің орындауы міндетті нормативтік-техникалық құжаттамаларды әзірлейді және бекітеді.

33. Қоғам қызметтік және коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратқа ие Қоғам қызметкерлері тізімінің міндетті түрде жүргізілуін қамтамасыз етеді.

34. Қоғам өз қызметінің барысында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағалар мен тарифтердің мемлекеттік тәртібінің қатаң сақталуын қамтамасыз етеді.

35. Қоғам белгіленген тәртіппен уәкілетті мемлекеттік органдарға қаржылық, салықтық және статистикалық есептер тапсырады.

36. Қоғам қоршаған ортаны Қоғамның қызметі салдарынан пайда болатын ластанудан және басқа да зиянды әсерлерден қорғауға жауапты болады.

37. Қоғам қызметкерлердің еңбегін қорғауға, материалдық құралдардың және ақшаның, багаждың, жүк-багаждың, жүктердің және почта

жөнелтілімдерінің жол бойында және станцияларда сақталуына, темір жол көлік объектілерінің өрт қауіпсіздігіне жауапты болады.

38. Қоғам материалдардың, отынның, жағар майдың, электр энергиясының және қосалқы бөлшектердің шығыс нормаларын әзірлейді, олардың сақталуын бақылау жасайды.

39. Қоғам еңбек тәртібінің сақталуын қамтамасыз етеді.

40. Қоғам пайдалану қызметіне оперативтік басшылық етуді, поездың қозғалысының кестесін, жылжымалы құрамды пайдалану нормаларын және магистральдық темір жол желісі арқылы-жолаушыларды, багажды, жүк-багажды жүк және почталық жөнелтілімдерді тасымалдаудың жоспарын әзірлеуді жүзеге асырады.

41. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен азаматтық протехникалық құралдарды және оларға қолданылатын бұйымдарды өндірістік мақсаттар үшін сатып ала алады.

42. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Жарғымен көзделген басқа да құқықтарды иеленуі және басқа да міндеттерді атқаруы мүмкін.

## 7-БАП. АКЦИОНЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

43. Қоғамның Жалғыз акционерінің:

- 1) "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Заң), «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Жарғыда көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;
  - 2) дивидендтер алуға;
  - 3) Қоғамның сауалды алған уақытынан отыз күннен кешіктірмей, егер сауалда өзге мерзімдер белгіленбеген болса, Қоғамның, соның ішінде аффилиирленген ұйымдардың қызметі туралы, құпия сипаттағы ақпаратты қос алғанда, ақпарат алуға, сондай-ақ Қоғамның Жалғыз акционерімен немесе Жарғымен белгіленген тәртіпте Қоғамның қаржылық есебімен танысуға;
  - 4) Қоғамның тіркеушісінен немесе номиналды ұстаушыдан Қоғамның бағалы қағаздарына оның меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;
  - 5) Қоғам органдары қабылдаған шешімдерді сот арқылы даулауға;
  - 6) Қоғам таратылған кезде оның мүлкінің бір бөлігіне;
  - 7) Заңмен белгіленген тәртіппен Қоғамның акцияларын немесе акцияларын айырбасталатын оның басқа бағалы қағаздарын басымдылықпен сатып алуға;
  - 8) Директорлар кеңесіне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Жалғыз акционердің қарауы үшін қосымша мәселелердің енгізілуін ұсынуға;
  - 9) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;
  - 10) өз есебінен аудиторлық ұйымнан Қоғамның аудитін өткізуді талап ету құқығы;
  - 11) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте өз құқықтарының бұзылғаны үшін өтемақы алуға;
44. Қоғамның Жалғыз акционері:
- 1) Заңмен көзделген тәртіппен акцияларды төлеуге;

2) он күннің ішінде Қоғамның тіркеушісіне немесе акционерге тиесілі акцияларды номиналды ұстаушыға Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуі үшін қажетті мәліметтердің өзгергені туралы хабарлауға;

3) Қоғам туралы немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпиясын құрайтын қызметі туралы мәліметтерді жария етпеуге;

4) Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерімен көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

45. Қоғам және Қоғамның тіркеушісі Жалғыз акционердің Жарғының осы бабының 44-тармағының 2) тармақшасымен белгіленген міндеттерді орындамауының салдарлары үшін жауапкершілік тартпайды.

## **8-БАП. ҚОҒАМ АКЦИЯЛАРЫ ЖӘНЕ БАСҚА ДА БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ**

46. Қоғам қарапайым акцияларды құжатсыз нысанда шығарады.

47. Қоғам шығарылуы, орналастырылуы, айналымы және өтеу шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасымен белгіленетін басқа да, соның ішінде айырбасталатын, бағалы қағаздар шығаруға құқылы.

48. Қарапайым акция Жалғыз акционерге Жалғыз акционердің қарауына енгізілетін шешімдерді қабылдауға, Жалғыз акционердің тиісті шешімдерінің негізінде Қоғамда таза табыс болған жағдайда дивидендтер алуға, сондай-ақ Қоғамды таратқан кезде оның мүлкінің бір бөлігін Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен алуға құқық береді.

49. Жарияланған акцияларды немесе Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарды орналастыру, сондай-ақ бұрын сатып алынған аталған бағалы қағаздарды сату ниеті болғанда, Қоғам осы туралы шешім қабылданған күннен бастап он күн ішінде Жалғыз акционерге жазбаша хабарлама жіберу немесе бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы бағалы қағаздарды орналастыру (өткізу) туралы шешім қабылдаған Қоғамның органы белгілеген бағалы қағаздарды орналастыру (өткізу) бағасы бойынша бағалы қағаздарды сатып алуды ұсынуға міндетті.

50. Жалғыз акционердің бағалы қағаздарды басымдылықпен сатып алу құқығын іске асыру тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

51. Қоғамның жарияланған акцияларының мөлшерін арттыру немесе Қоғамның орналастырылмаған әрі жарияланбаған акцияларының түрін өзгерту Жалғыз акционердің шешімі бойынша жүзеге асырылады. Қоғамның акцияларын оның жарияланған акцияларының мөлшері шегінде орналастыру туралы шешімді Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдайды.

52. Қоғам өз акцияларын олардың шығарылымы мемлекеттік тіркеуден өткен соң орналастыруға құқылы.

53. Қоғамның орналастыратын акцияларына ақы төлеуге ақша, мүліктік құқықтар (соның ішінде зияткерлік меншік объектілеріне құқықтар) және Заңмен



және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде көзделген жағдайлардан басқа, өзге де мүлік енгізілуі мүмкін.

Ақшадан басқа, өзге мүлікпен ақы төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген лицензияның негізінде жұмыс істейтін бағалаушы белгілейтін баға бойынша жүзеге асырылады.

Егер Қоғамның орналастыратын акцияларын төлеуге мүлікті пайдалану құқығы енгізілсе, мұндай құқықты бағалау Қоғам оны пайдаланатын бүкіл мерзім бойына осы мүлікті пайдаланғаны үшін төлем мөлшеріне қарай жүргізіледі. Қоғамның Жалғыз акционерінің келісімінсіз мұндай мүлікті көрсетілген мерзім аяқталғанша алуға тыйым салынады.

54. Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдерінің жүйесін жүргізу Қоғам тіркеушісімен жүзеге асырылады, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ол Қоғамның және оның аффилиирленген тұлғаларының аффилиирленген тұлғасы болмауы тиіс.

55. Өзінің жарияланған акцияларын бастапқы бағалы қағаздар рыногын орналастыруы кезінде оларды Қоғамның сатып алуына жол берілмейді.

56. Орналастыратын акцияны толық төлемейінше Қоғам сол акцияларды Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесінде оны алушының шотына есепке жатқызу туралы бұйрық беруге құқылы емес.

57. Қоғамның бастамасы бойынша акцияларды кейіннен сату мақсатында немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына және Жарғыға қайшы келмейтін өзге де мақсаттарда орналастырылған акцияларды сатып алу Жалғыз акционердің келісімі бойынша Қоғамның акцияларды сатып алуы кезінде олардың құны айқындаудың Заңда белгіленген тәртіппен бекітілген әдістемесіне сәйкес жүргізілуі мүмкін.

58. Қоғам өзінің орналастырған акцияларын мына жағдайларда:

1) акцияларды орналастырудың қорытындылары туралы есепті бекіткеннен кейін;

2) егер акцияларды сатып алудың нәтижесінде Қоғамның меншік капиталының мөлшері Заңмен белгіленген ең аз жарғылық капиталды мөлшерінен аз болатын болса;

3) егер акцияларды сатып алу сәтінде Қоғам Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем жасауға қабілетсіз немесе дәрменсіз белгілеріне сәйкес келсе не болмаса аталған белгілер талап етіліп отырған барлық акцияларды немесе сатып алуға болжанып отырған акцияларды сатып алудың нәтижесінде пайда болатын болса;

4) егер сотпен немесе Қоғамның Жалғыз акционерімен оны тарату туралы шешім қабылданса, сатып алуға құқығы жоқ.

59. Егер Қоғамның бастамасы бойынша сатып алынатын оны орналастырған акцияларының саны акцияларды сатып алу-сату мәмілесі (мәмілелерін) жасасуға дейін олардың жалпы санының бір пайызынан асатын болса, ол мұндай сатып алу туралы Жалғыз акционерге хабарлауға міндетті.

Қоғамның өзінің орналастырған акцияларын сатып алуы туралы хабарландыруы ол сатып алатын акциялардың түрі, саны, бағасы, мерзімі және

оларды сатып алудың шарттары туралы мәліметтерден тұруы тиіс және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы тиіс.

60. Жалғыз акционердің талабы бойынша орналастырылған акцияларды сатып алу Заңмен көзделген жағдайларда жүргізіледі.

61. Қоғамның акцияларға айырбасталатын бағалы қағаздары Қоғамның жарияланған және орналастырылған акциялары арасындағы айырмашылық шегінде шығарылуға жол беріледі. Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастаудың шарты мен тәртібі айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару проспектісінде көрсетіледі.

Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығарудың шартын Қоғамның Директорлар кеңесі белгілейді.

62. Қоғам Қоғамның бағалы қағаздарын кепілдікке беруге құқылы. Жалғыз акционер өзі кепілдікке берген акциялар бойынша, егер кепілдің шарттары бойынша өзге көзделмесе, дивидендтер алуға да дауыс беру құқығын иеленеді.

63. Қоғам өзі орналастырған бағалы қағаздарды мына жағдайларда ғана, егер:

1) кепілдікке берілетін бағалы қағаздар толық төленген болса;

2) Қоғамның сатып алған акцияларын қоспағанда, Қоғамға кепілдікке берілетін және онда кепілдіктегі акциялардың жалпы саны Қоғамның орналастырылған акцияларының жиырма бес пайыздан астамын құрамаса;

3) кепіл туралы шартты Қоғамның Директорлар кеңесі мақұлдаса кепілдікке қабылдай алады.

64. Егер кепілдіктің шарттарымен өзге белгіленбесе, Қоғам орналастырған және онда кепілдіктегі акциялар бойынша дауыс құқығы Жалғыз акционерге тиісті болады. Қоғам өзінде кепілде тұрған өз акцияларымен дауыс беруге құқығы жоқ.

65. Қоғамның бағалы қағаздарының кепілін тіркеудің тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамаға сәйкес белгіленеді.

66. Жалғыз акционердің оған тиесілі акциялары бойынша Қоғам тілейтін табысы дивиденд болып табылады.

Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер Қоғамның Жалғыз акционерімен дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдаған жағдайда, ақшалай немесе бағалы қағаздармен төленеді.

67. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу жылдық, тоқсандық немесе жарты жылдықтың қорытындылары бойынша Жалғыз акционердің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

68. Қоғамның Жалғыз акционері қандай да бір кезеңдегі Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

69. Жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешімде мынадай ақпарат болуы тиіс:

1) Қоғамның атауы, орналасқан жері, банктік және өзге деректемелері;

2) дивидендтер төленетін кезең;

3) бір жай акция есебіне дивидендтің мөлшері;

4) дивидендтерді төлеу басталатын дата;

5) дивидендтерді төлеудің тәртібі мен нысаны.

70. Орналастырылмаған немесе Қоғамның өзі сатып алған акциялар бойынша дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

71. Дивидендтер есептеуге:

1) Қоғамның меншікті капиталының мөлшері теріс болған кезде немесе оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде меншікті капиталының мөлшері теріс болатын болса;

2) егер Қоғам Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем жасауға қабілетсіз немесе дәрменсіз белгілеріне жауап берсе немесе аталған белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде пайда болса, дивидендтер төлеуге жол берілмейді.

72. Жалғыз акционер алынбаған дивидендтерді Қоғамның берешегінің пайдалану мерзіміне қарамастан төленуін талап етуге құқылы.

Дивидендтерді төлеу үшін белгіленген мерзімде дивидендтер төленбеген жағдайда, Жалғыз акционерге дивидендтердің негізгі сомасы және акциялар міндеттемені немесе оның тиісті бөлігін орындау күніне қарағандағы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесін негізге ала отырып, есептелетін өсім төленеді.

## 9-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ОРГАНДАРЫ

73. Мыналар Қоғамның органдары болып табылады:

- |   |                       |
|---|-----------------------|
| 1) жоғарғы орган  | - Жалғыз акционер;    |
| 2) басқару органы   | - Директорлар кеңесі; |
| 3) атқарушы органы  | - Басқарма;           |
| 4) Қоғамның қызметін жетілдіру мақсатында Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылауды, ішкі бақылауды, тәуекелдіктерді басқару саласындағы бағалауды, корпоративтік басқару және кеңес беру саласындағы құжаттарды орындауды жүзеге асыратын орган | - Ішкі аудит қызметі. |

## 10-БАП. ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР

74. «Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 28 қаңтардағы № 50 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 ақпандағы № 117 қаулысына сәйкес Қоғам акцияларының 100 % (жүз) пайызы «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» акционерлік қоғамының құқықтары мен міндеттерінің құқық иеленушісі болып табылатын «Самұрық-Қазына» ұлттық

ауқат қоры» акционерлік қоғамының орналастырылатын акцияларын төлеу есебіне берілген.

75. Қоғамда акционерлердің жалпы жиналыстары өткізілмейді. Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Жарғымен акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді Жалғыз акционер өзі қабылдайды және олар жазбаша түрде ресімдеуге жатады.

## 11-БАП ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ АЙРЫҚША ҚҰЗЫРЕТІ

76. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оның жаңа редакциясын бекіту;

2) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

3) Қоғамды өз еркімен қайта ұйымдастыру немесе тарату;

4) Қоғамның құнды қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін белгілеу, сондай-ақ оларды өзгерту;

5) Қоғамның жарияланған акцияларының санын көбейту немесе Қоғамның орналастырылмаған әрі жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

6) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттіктерінің мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне төленетін сыйақылар мөлшері мен төлеу шарттарын белгілеу;

7) Басқарма Төрағасын тағайындау және оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ онымен еңбек қатынастарын мерзімінен бұрын бұзу, кейіннен бұл шешімдерді Директорлар кеңесінің қарауына шығару;

8) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу және оның көрсететін қызметтері төлемінің мөлшерін белгілеу;

9) Қоғамның жылдық есебін бекіту;

10) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін бекіту;

11) есептік қаржылық жыл үшін Қоғамның таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімдер қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына есептелген дивиденд мөлшерін бекіту;

12) Заңның 22-бабы 5-тармағында көзделген жағдайлар басталғанда, Қоғамның жай акциялары және артықшылығы бар акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;

13) қосындысында Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да артық пайызын құрайтын активтердің бір не бірнеше бөлігін беру жолымен Қоғамның басқа заңды тұлғаларды құруға не олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;

14) Заңға сәйкес акцияларды Қоғам сатып алған кезде олардың құнын белгілеу әдістемесіне (әдістемені бекіту, егер әдістеме құрылтай жиналысында бекітілмесе,) өзгерістерді бекіту;

15) Жалғыз акционерге, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына Қоғам қызметі туралы ақпарат беру тәртібін белгілеу;

16) Директорлар Кеңесі туралы Ережені бекіту;

17) дивидендік саясатты бекіту;

18) «алтын акцияны» енгізу және күшін жою;

19) қызметтік жеңіл машиналарды беру нормативтерін және әкімшілік аппаратты орналастыру үшін алаңдар нормаларын белгілеу;

20) іссапарға жіберілетін Қоғам қызметкерлерінің шығыстарының орны толтыру тәртібі мен шарттарын белгілеу;

21) қызметкерлерге мобильді байланыспен пайдалану құқығын беру кезінде Қоғамның қаражаттары есебінен орны толтырылатын шығыстар лимитін, өкілді шығыстар лимитін белгілеу;

22) олар бойынша шешімдер қабылдау Қазақстан Республикасының Заңымен және Жарғымен Қоғамның Жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер;

77. Заңмен және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілермен өзгеше көзделмесе, олар бойынша шешімдер шығару Қоғамның Жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелердің Қоғамның басқа органдарының, лауазымды тұлғаларының және қызметкерлерінің құзыретіне берілуіне жол берілмейді.

78. Жалғыз акционер Қоғамның ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Қоғамның өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жою құқылы.

## 12-БАП. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

79. Директорлар кеңесі Заңмен және Қоғам Жарғысымен Қоғамның Жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуден басқа, Қоғамның қызметін жалпы басқаруды жүзеге асырады.

80. Егер өзгедей Заңмен белгіленбесе, Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) Қоғамның даму стратегиясын бекіту;

2) жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

3) орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды Қоғамның сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

4) Басқарма мүшелерінің сандық құрамын, өкілеттіктерінің мерзімін белгілеу, Қоғамның Басқарма мүшелерін (Басқарма Төрағасын қоспағанда) сайлау сондай-ақ өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

5) Қоғамның Төрағасының және Басқарма мүшелерінің лауазымды жалақыларының мөлшерін және еңбекке ақы төлеу мен сыйлықақы беру шарттарын белгілеу;

6) Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттіктерінің мерзімін белгілеу, оның басшысын және мүшелерін тағайындау, олардың өкілеттіктерін

мерзімінен бұрын тоқтату, Ішкі аудит қызметінің жұмыс істеу тәртібін, Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін және еңбекке ақы төлеу мен сыйлықақы беру шарттарын белгілеу (Директорлар Кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің ұсынымдары бойынша);

7) Ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоспарын бекіту;

8) Ішкі аудит қызметінің тоқсандық және жылдық есептерін қарау және олар бойынша шешімдер қабылдау (Директорлар Кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің ұсынымдары бойынша);

9) корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттіктері мерзімін белгілеу, оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы беру шарттарын белгілеу;

10) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында, Басқарма қабылдайтын құжаттардан өзге), оның ішінде Қоғамның құнды қағаздарының аукциондарын және жазылуларын жүргізу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

11) Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің Қоғам қызметі туралы ақпаратты, соның ішінде қаржылық ақпаратты алуының тәртібі мен мерзімдерін белгілеу;

12) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес ірі мәмілелерді және олардың жасалуына Қоғам мүдделі мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдау;

13) Қоғамның есепке алу саясатын бекіту;

14) Қоғамның Даму жоспарын бекіту;

15) Қоғам Басқармасының мүшелері үшін қызметтің негізгі көрсеткіштерін және олардың мақсаттық мәндерін бекіту (Директорлар Кеңесінің Сыйақылар жөніндегі комитетінің ұсынымдары бойынша);

16) Директорлар кеңесінің комитеттерін құру, олар туралы ережелерді бекіту, сондай-ақ комитеттердің мүшелерін сайлау;

17) Қоғам Басқармасы мүшелерінің басқа ұйымдарда жұмыс істеу мүмкіндігіне қатысты келісім беру туралы шешім қабылдау;

18) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын белгілеу;

19) Қоғамның жылдық қаржылық есебін алдын ала бекіту;

20) Қоғамның жылдық есебін алдын ала бекіту;

21) Қоғамның шетелдік филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

22) Қоғамның бұрынғы тіркеушісімен жасалған шарт бұзылған жағдайда Қоғамның тіркеушісін таңдау;

23) басқа ұйымдарды құруға Қоғамның қатысуы туралы шешім қабылдау;

24) басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан жоғары пайызын Қоғамның сатып алуы туралы шешім қабылдау;

25) Қоғамның орталық аппараты қызметкерлерінің жалпы санын және құрылымын бекіту;

26) тәуекелдіктерді басқару жөніндегі Қоғамның ішкі рәсімдерін бекіту (Қоғамның ішкі құжаттарымен Қоғамның басқа органдарының құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда);

27) Тәуекелдіктерді басқару саясатын бекіту;

28) жер қойнауын пайдалану құқықтарын беру (қайта табыстау), алу, жер қойнауына арналған контрактілерге (Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріндегі өзгерістерге немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне байланысты контрактілерді өзгертуді, тараптар деректері өзгерістерін және редакциялық сипаттағы өзгерістер енгізуді қоспағанда) өзгерістер енгізу, стратегиялық әріптестермен шарттар жасасу мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

29) мәселелерді Қоғамның Жалғыз акционерінің қарауына шығару;

30) Заңмен және Жарғымен көзделген, Қоғамның Жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне жатпайтын өзге сұрақтар.

81. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер Басқармаға шешу үшін берілуі мүмкін емес.

82. Директорлар кеңесінің Басқарманың құзыретіне Жарғымен жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

83. Анағұрлым маңызды сұрақтарды қарау және Директорлар кеңесінің ұсынымдарды дайындау үшін Қоғамда Директорлар кеңесінің мынадай комитет құрылуы мүмкін:

1) аудит бойынша;

2) сыйақылар бойынша;

3) тағайындаулар бойынша;

4) Директорлар кеңесінің қарауымен өзге мәселелер бойынша.

Барлық Комитеттердің қызметі Директорлар кеңесімен бекітілген Комитеттің құрамы, құзыреті, Комитет мүшелерін сайлау тәртібі, Комитет жұмысының тәртібі, сондай-ақ Комитет мүшелерінің құқықтары мен міндеттері туралы туралы ережеден тұратын ішкі құжаттармен реттеледі.

84. Жеке тұлға ғана Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады.

85. Қоғам Басқармасының төрағасынан басқа, Басқарма мүшесі Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Қоғам Басқармасының төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

86. Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттардың және Директорлар кеңесі мүшесінің Жалғыз акционердің және Қоғамның мүдделері үшін міндеттер орындау және бүкіл Директорлар кеңесінің тиімді жұмысын ұйымдастыру үшін қажет тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, біліктілігі, іскерлік және салалық ортада жетістіктері мен мүлтіксіз репутациясы болуы қажет.

87. Директорлар кеңесі Жалғыз акционерге ұсынылатын өзінің қызметі туралы жылдық есептің құрамында өзі тәуелсіз деп санайтын Директорлар кеңесінің әрбір мүшесін көрсетуі керек. Директорлар кеңесі шешімдер қабылдау кезінде Директорлар кеңесінің мүшесі тәуелсіз болды ма, жоқ па соны анықтау керек; Директорлар кеңесінің мүшесін тәуелсіз деп танудың себептерін көрсету керек, бұл ретте Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша тәуелсіз

критерийлеріне Директорлар кеңесі мүшесінің сәйкестігін, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшесін тәуелсіз деп тануға әсер ететін қатынастардың немесе жағдайлардың болуын көрсетуі керек, оның ішінде, егер Директорлар кеңесінің мүшесі:

соңғы бес жыл ішінде Қоғамның немесе оның еншілес ұйымының қызметкері болып табыла ма;

Директорлар кеңесі мүшесінің сыйақысын қоспағанда, Қоғамнан қосымша сыйақы алды ма немесе ала ма;

басқа ұйымдарда немесе органдарда осы тәріздес лауазымды атқара отырып, басқа ұйымдарға немесе органдарға осындай қатысу арқылы Директорлар кеңесінің басқа мүшелерімен айтарлықтай байланысы барлығын;

Жалғыз акционерді немесе мемлекеттік басқару органдарын білдіретінін; қатарынан тоғыз жыл Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесі болғанын көрсетуі керек.

88. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны алты адамнан кем болмауы тиіс. Директорлар кеңесінің мүшелері санының кем дегенде үштен бір бөлігі тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

89. Мына тұлға Директорлар кеңесінің мүшесі бола алмайды, егер:

1) өтелмеген немесе заңнамалық актілермен белгіленген тәртіпте алынбаған соттылығы болса;

2) белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны еріксіз тарату немесе акцияларын еріксіз сатып алу немесе консервациялау туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан аспайтын мерзімде бұрын басқа заңды тұлғаның Директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшысы (басқарма төрағасы), басшының орынбасары, бас бухгалтері болса. Аталған талап банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны еріксіз тарату немесе акцияларын еріксіз сатып алу немесе консервациялау туралы шешім қабылданған датадан кейін бес жыл бойы қолданылады.

3) Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын тұлғаларға Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген өзге талаптар болса.

90. Директорлар кеңесінің мүшелері үш жылдан аспайтын мерзімге сайланады. Директорлар кеңесінің құрамын сапалы түрде жаңарту қажеттілігі ескеріле отырып, Директорлар кеңесінің құрамына қатарынан 6 жылдан артық мерзімге сайлаудың кез-келген мерзімі ерекше қарауға жатады. Бір тұлға қатарынан 9 жылдан артық Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Ерекше жағдайларда қатарынан 9 жылдан артық Директорлар кеңесіне сайлануға рұқсат етіледі, бірақ бұл ретте бұл тұлғаны Директорлар кеңесіне сайлау жыл сайын өтуі тиіс.

91. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттік мерзімін Қоғамның Жалғыз акционері белгілейді.

Директорлар кеңесі өкілеттіктерінің мерзімі Директорлар кеңесінің жаңа құрамы сайланған күні аяқталады.

92. Қоғамның Жалғыз акционері Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімнен бұрын тоқтатуға құқылы.



93. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін өз өтініші бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесіне жазбаша хабарлама беру негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің осындай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесі аталған жазбаша хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады.

94. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесінің өкілеттіктер мерзімі жалпы аяқталуымен бірге мезгілде аяқталады.

95. Директорлар кеңесінің төрағасын Жалғыз акционер сайлайды. Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің төрағасын кез келген уақытта қайта сайлау құқылы.

96. Директорлар кеңесінің төрағасы Заңмен және Жарғымен белгіленген тәртіппен:

- 1) Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;
- 2) Директорлар кеңесінің отырыстарын шақырады және жүргізеді;
- 3) Қоғам атынан Қоғам Басқармасының төрағасымен Қоғам Басқармасының материалдық көтермеленуі мен жауапкершілігі Қоғам қызметінің нәтижелеріне және Қоғамның Даму жоспарының орындалуына тікелей байланысты болуын қарастыратын еңбек шартын жасасады;
- 4) Қоғам Басқармасының төрағасына Қоғамның Директорлар кеңесі мақұлдаған Қоғамның Ішкі аудит қызметі басшысына кандидатураны қызмет тағайындау үшін ұсынады;

Қоғамның атынан аудиторлық ұйыммен жыл сайынғы аудитті жүргізу туралы шарт жасасады;

5) Жалғыз акционерге Директорлар кеңесі және Қоғам Басқармасы мүшелерінің құрамы мен сыйақысының мөлшері туралы хабарлар етеді;

6) Директорлар кеңесінің қызметі туралы Жалғыз акционерге жыл сайын хабарлайды;

7) Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін бекітеді;

8) Директорлар кеңесі мүшелерінің пшбәсіз және айқын ақпаратты беру кезінде алуын қамтамасыз етеді;

9) Директорлар кеңесінің қызметіне Директорлар кеңесі мүшелерінің тиімді үлес қосуын және Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелері арасындағы конструктивтік қатынастарды қамтамасыз етеді;

10) Директорлар кеңесінің жаңа сайланған мүшелеріне лауазымға бағдарламасының берілуін қамтамасыз етеді;

11) Жалғыз акционермен басқару мәселелерін келіседі;

12) Жалғыз акционермен тиімді байланысты қамтамасыз етеді, сондай-ақ Жалғыз акционердің пікірін Директорлар кеңесіне жеткізеді;

13) Жалғыз акционердің сұрақтарына жауаптардың берілуін қамтамасыз етеді;

14) Қоғам атынан Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелерімен шарттама қол қояды;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен көзделген өзге мәселелерді шешеді.

97. Директорлар кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда, оның функциясын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің біреуі жүзеге асырады.

98. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысы оның Төрағасының немесе Басқарманың бастамасы бойынша не болмаса:

- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) Ішкі аудит қызметінің;
- 3) Қоғамның аудитін жүзеге асырушы аудиторлық ұйымның;
- 4) Жалғыз акционердің талабы бойынша шақырылуы мүмкін.

99. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің Төрағасына Директорлар кеңесі отырысына ұсынылып отырған күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабарламаны жіберу арқылы беріледі.

Директорлар кеңесінің Төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы Басқармаға аталған талапшен шығуға құқылы, ал ол Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Басқарма, шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап, он күннен кешіктірмей шақыруы тиіс.

Отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер жөніндегі материалдар Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін датаға дейін 10 күннен кешіктірілмей жіберілуі тиіс, егер Директорлар кеңесі туралы ережемен өзгедей мерзімдер қарастырылмаса.

Директорлар кеңесінің отырысы аталған талапты қойған тұлғаны міндетті түрде шақыру арқылы өткізіледі.

100. Директорлар кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесінің отырысын өткізілу туралы хабарлама жіберу тәртібін Директорлар кеңесі белгілейді.

101. Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесіне оның қатысуы мүмкін еместігі туралы күні бұрын Басқармаға хабарлауға міндетті.

102. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум Директорлар кеңесі мүшелері санының жартысынан аз болмауы тиіс.

Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы тармақпен белгіленген кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау туралы Қоғамның Жалғыз акционеріне өтініш беруге міндетті.

103. Директорлар кеңесінің әр мүшесі бір дауысқа ие болады. Егер Заңмен өзгеше көзделмесе, Директорлар кеңесінің шешімі отырысқа қатысып отырған Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады.

104. Директорлар кеңесі тек Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

Жарғының 80-тармағының 1), 4), 5), 9), 12), 14), 19), 23), 24), 25) тармақшалары бойынша сұрақтар Директорлар кеңесімен тек ашық отырыстарда қаралуы тиіс.

105. Директорлар кеңесінің мүшелері бейнеконференция (интерактивті аудиовизуальды байланыс), байланыс конференциясы («телефон кеңесі» режимінде Директорлар кеңесі мүшелерінің бірмезгілдегі сөйлесулері) арқылы сондай-ақ байланыстың өзге құралдарын пайдалана отырып, Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алады.

Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің отырысына өзін қатысу мүмкіндігі жоқтығы туралы Директорлар кеңесінің төрағасына немесе Корпоративтік хатшыға алдын ала хабарлауға міндетті. Отырыста болмаған Директорлар кеңесінің мүшесі жазбаша хабарлау арқылы Директорлар кеңесінің отырысы күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс беруге құқы бар.

Бұл ретте күн тәртібі бойынша мұндай жазбаша хабарламада мыналар болуы тиіс:

- 1) жазылған күні;
- 2) жазбаша хабарлама жіберу арқылы Директорлар кеңесі мүшесінің пікірін білдіретін күн тәртібі;
- 3) күн тәртібінің әрбір сұрағы бойынша анық айқындалған позиция;
- 4) қойылған қол;
- 5) Директорлар кеңесі мүшесінің қарауы бойынша күн тәртібіне жататын өзге мәліметтер.

Директорлар кеңесінің мүшесімен ұсынылған күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама кворумды және дауыс беру қорытындыларын есептеу кезінде есеп алынады әрі отырыс хаттамасына тігіледі, онда Директорлар кеңесінің аталған мүшесінің күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама жіберу арқылы дауыс бергені туралы жазба жасалады.

Күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама Директорлар кеңесінің мүшесімен Директорлар кеңесінің төрағасына немесе Корпоративтік хатшыға Директорлар кеңесінің отырысы өткізілгенге дейін ұсынылуы тиіс.

Егер бұрынғырақ күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама тапсырған Директорлар кеңесінің мүшесі аралас дауыс беру пайдаланылатын Директорлар кеңесінің отырысына қатысу әрі дауыс беру үшін келсе, оның жазбаша пікірі есепке алынбайды.

106. Директорлар кеңесі төрағасының қарауы бойынша Директорлар кеңесінің шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін.

Сырттай дауыс беру отырысқа қатысып отырған Директорлар кеңесі мүшелерінің дауыс беруімен бірге (аралас дауыс беру) немесе Директорлар кеңесінің отырысын өткізусіз қолданылуы мүмкін.

Директорлар кеңесі шешімдерді сырттай дауыс беру арқылы қабылдаған кезде Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін өзгертуге және (немесе) толықтыруға болмайды.

107. Сырттай дауыс беру бюллетені отырыс күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдарды қоса, Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізу датасына дейін үш күннен кешіктірмей жіберілуі тиіс.

108. Сырттай дауыс беру бюллетенінде:

- 1) Қоғам Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;

2) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға бастамашы туралы мәліметтер;

3) сырттай дауыс беру бюллетеньдерін берудің түпкілікті датасы;

4) Директорлар кеңесінің отырысын өткізу датасы, уақыты және орны;

5) Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі;

6) егер Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінде Басқарма мүшелерін сайлау туралы мәселе болса, сайлауға ұсынылып отырған кандидатуралардың есімдері;

7) дауысқа салынатын мәселелердің тұжырымдалуы;

8) “жақтаймын”, “қарсымын”, “қалыс қаламын” сөздерімен білдірілетін Директорлар кеңесі отырысы күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру варианттары;

9) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру (бюллетеньді толтыру) жөніндегі түсіндірме болуы тиіс.

109. Толтырылған сырттай дауыс беру бюллетенінде Директорлар кеңесі мүшесінің қолы болуы тиіс.

Дауыстарды санаған кезде Директорлар кеңесінің мүшесі бюллетеньде белгіленген дауыс беру тәртібін сақтаған мәселелер бойынша және дауыс берудің тек бір ғана мүмкін вариантына белгі қойылған дауыстар есепке алынады.

110. Белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған жағдайда шешім сырттай дауыс беру арқылы қабылданған болып танылады.

Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделуге және оған Директорлар кеңесінің төрағасы мен Корпоративтік хатшысының қолы қойылуы тиіс.

Шешім ресімделген күннен бастап жиырма күн ішінде Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуі тиіс, оған осы шешімді қабылдауға негіз болған бюллетеньдер қоса тіркеледі.

111. Қоғамның Директорлар кеңесінің тікелей тәртіппен өткізілген отырысында қабылданған шешімдер хаттамамен ресімделеді, хаттаманы отырыста төрағалық еткен тұлға мен Директорлар кеңесінің хатшысы отырыс өткізілген күннен санағанда үш күн ішінде жасауы және қолдарын қоюы тиіс және онда:

1) Басқарманың толық атауы және орналасқан жері;

2) отырыстың өткен датасы, уақыты мен орны;

3) отырысқа қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер;

4) отырыстың күн тәртібі;

5) дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс берудің қорытындылары;

6) қабылданған шешімдер;

7) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша басқа да мәліметтер болуы тиіс.

112. Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және сырттай дауыс беру жолымен қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдері Қоғамның мұрағатында сақталады.

Директорлар кеңесінің Корпоративтік хатшысы Директорлар Кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру жолымен қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге

және (немесе) Қоғамның уәкілетті қызметкерінің қолымен және Қоғам мәрімі бөдерімен расталған хатамадан жасалған үзінді көшірмелер мен шешімдер беруге міндетті.

113. Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе Қоғамның Директорлар кеңесі Заңмен және Қоғамның Жарғысымен белгіленген тәртіпті бұзатын отырып, қабылдаған шешімге қарсы дауыс берген Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі оны сот тәртібімен даулауға құқы бар.

114. Жалғыз акционер Заңмен және Қоғамның Жарғысымен белгіленген тәртіпті бұза отырып, Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдаған шешімді сот тәртібімен даулауға құқы бар, егер аталған шешіммен Қоғамның және (немесе) Жалғыз акционердің заңды мүдделері мен құқықтары бұзылған болса.

### 13-БАП. БАСҚАРМА

115. Басқарма Қоғамның алқалық атқарушы органы болып табылады, оның құзырына Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерімен және Жарғымен Қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзырына жатқызылмаған Қоғам қызметінің барлық мәселелерін шешу жатады. Басқарма Қоғамның Жалғыз акционерінің және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

116. Басқарма мүшелерінің саны кем дегенде бесеу болуы тиіс.

117. Жалғыз акционердің өкілдері және Қоғамның қызметкерлері Басқарма мүшесі бола алады.

Басқарма мүшелері Қоғамның қызметін басқаруды Басқарманың отырыстарына қатысу арқылы жүзеге асырады.

Басқарма мүшесі басқа ұйымдарда тек Директорлар кеңесінің келісімімен ғана жұмыс істеуге құқылы.

Басқарма төрағасы атқарушы органның басшысы қызметі не болмаса басқа заңды тұлғаның атқарушы органының функцияларын жеке өзі жүзеге асыратын тұлға лауазымын атқаруға құқығы жоқ.

118. Басқарманың құзыры:

1) Қоғамның Жалғыз акционерінің және Директорлар кеңесінің шешімдерін іске асыру;

2) Қоғамның стратегиялық дамуын мақұлдау және Директорлар кеңесінің қарауына шығару;

3) ішкі (қызметтік) ақпараттың қорғалуын және сақталуын қамтамасыз ету;

4) Директорлар кеңесін Қоғамдағы тәуекелдіктерді басқару жүйесінде елеулі кемшіліктер туралы дер кезінде хабардар ету;

5) Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын, Директорлар кеңесі бекітетін құжаттарға жатпайтын құжаттарды бекіту;

6) Қоғам акцияларының төлеміне берілген немесе ірі мәміле заты болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушының көрсететін қызметтері төлемінің мөлшерін белгілеу;

7) Қазақстан Республикасының аумағында Қоғамның филиалдарын және өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау, сондай-ақ олар туралы ережелерді бекіту;

8) қызметтік, коммерциялық немесе Заңмен қорғалатын өзге құпияны құрайтын Қоғам және оның қызметі туралы ақпаратты белгілеу;

9) Қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталының он және одан аса пайызын құрайтын шамаға өсіру;

10) Қоғамның штаттық кестесін бекіту;

11) Қоғамның әкімшілік және басқарушылық қызметкерлеріне (Басқарма мүшелерін, Ішкі аудит қызметін, Қоғамның Корпоративтік хатшысын қоспағанда) еңбекақы төлеу туралы ережесін және олардың лауазымдық жалақыларының схемасын бекіту;

12) Қор тобына кіретін ұйымдар арасында мәмілелер жасасу тәртібіне сәйкес, оларды жасасуға қатысты Заңмен ерекше шарттар белгіленген, Қоғам мүдделілігін білдіретін мәмілелерді жасасу туралы шешімдер қабылдау;

13) акцияларының (Жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан аса пайыздары Қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

14) Қоғамды (егжей-тегжейлі бюджеті болғанда) дамыту жоспарының шеңберінде Қоғамның (егжей-тегжейлі) бюджетін бекіту;

15) Қоғамның даму жоспарын әзірлеу, мақұлдау және оны бекіту үшін Директорлар кеңесіне ұсыну;

16) Даму жоспарын іске асыру;

17) Қоғамның Жалғыз акционерінің немесе Директорлар кеңесінің айрықша құзырына жатпайтын, Қоғамның қызметін қамтамасыз етудің өзге мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

119. Тәуекелдіктерді басқару мәселелері бойынша шұғыл шешімдер қабылдау мақсатында Қоғамда Қоғам Басқармасының жанынан Тәуекелдіктер жөніндегі комитет құрылуы мүмкін. Тәуекелдіктер жөніндегі комитет Қоғамның басқармасы бере алатын өкілеттіктер шегінде қызмет етеді. Тәуекелдіктер жөніндегі комитетті қалыптастыру және жұмыс істеу тәртібі, сондай-ақ оның сандық құрамы Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленеді.

120. Басқарма отырыстарындағы шешімдер отырысқа қатысып отырған Басқарма мүшелері санының жай көпшілік дауысымен қабылданады. Басқарма мүшелерінің кем дегенде жартысы қатысқанда ғана (кворум) Басқарма шешім қабылдауға құқылы.

121. Басқарманың әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Басқарма дауыс берген кезде дауыстар тепе-тең болса, Қоғам Басқармасы Төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Басқарма мүшесінің дауыс беру құқығын басқа тұлғаға беруге, оның ішінде Қоғам Басқармасының басқа мүшесіне беруге жол берілмейді.

122. Басқармаға басшылық етуді Қоғамның Президенті жүзеге асырады, ол Басқарманың Төрағасы (бұдан әрі – Қоғам Президенті) болып табылады.

123. Қоғам Президенті:

- 1) Қоғамның Жалғыз акционерінің, Директорлар кеңесінің, Басқармасын шешімдерін орындауды ұйымдастырады;
- 2) Қоғамның қызметіне басшылықты жүзеге асырады;
- 3) Қоғамның Директорлар кеңесіне, Жалғыз акционеріне еншілес же бірлесіп бақыланатын ұйымдарды басқару жөнінде, сондай-ақ аталы ұйымдардың қаржылық-шаруашылық қызметі нәтижелерінің Қоғам қызметі көрсеткіштеріне әсері жайында жарты жылдық есептер береді;
- 4) Қоғамның даму жоспарының іске асырылуы туралы Қоғамның Директорлар кеңесі алдында жыл сайын есеп береді;
- 5) үшінші тұлғалармен қатынастарында Қоғамның атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Жарғыға сәйкес Қоғамның атынан мәмілелер жасасады;
- 7) оның үшінші тұлғалармен, соның ішінде мемлекеттік және саяси органдарымен қатынастарында Қоғамға өкілдік ету құқығына сенімхаттар береді;
- 8) Қоғам қызметкерлерімен еңбек шарттарын жасасады, өзгертеді, бұзатын Қоғам қызметкерлерімен еңбек қатынастары туындайтын, өзгертін, бұзылатын актілерді қабылдайды;
- 9) Қоғамның қызметкерлеріне көтермелеу шараларын және тәртіптік жаза шараларын қолданады, Қоғамның штаттық кестесіне сәйкес Қоғамның қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерлерін белгілейді. Корпоративтік хатшыны және Басқарма мен Ішкі аудит қызметінің мүшесі болып табылатын қызметкерлерді қоспағанда, Қоғам қызметкерлерінің сыйақыларының мөлшерлерін белгілейді.
- 10) Басқарма мүшелерінің, Вице-президенттердің, Аппарат басшысының және Қоғамның өзге де қызметкерлері арасында міндеттерін, сондай-ақ өкілеттілік және жауапкершілік аясын бөледі;
- 11) наразылықтар мен қуынымдарды береді және қол қоятын қуынымдардан бас тартады, қуынымдық талаптарды өзгертеді, бітімгершілік келісімдерге қол қояды;
- 12) Қоғамның банктік шоттарын және басқа да шоттарын ашады;
- 13) Қоғамның ішкі қызметінің өндірістік мәселелері бойынша шешімдерді қабылдайды;
- 14) Қоғам филиалдарының, өкілдіктерінің және тәуелді ұйымдарының қызметін үйлестіреді;
- 15) құзыретінің шегінде бұйрықтар мен өкімдер шығарады;
- 16) ұжымдық шарттар жасасады;
- 17) Қоғам Президенті мен Вице-президентінің шетелдік іссапарлары туралы Директорлар кеңесінің төрағасымен келісуді қамтамасыз етеді;
- 18) Жалғыз акционерге:  
Жалғыз акционермен белгіленген мерзімде және Жалғыз акционермен бекітілген нысандар бойынша Қоғамның Даму жоспарын іске асыру туралы есеп береді;  
Жалғыз акционермен белгіленген мерзімде және Жалғыз акционермен бекітілген нысандар бойынша Қоғамның, оның еншілес және бірге бақыланатын ұйымдарының қаржы-шаруашылық қызметі туралы есептілікті ұсынады;

19) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Жарғымен және Жалғыз акционермен және Директорлар кеңесімен қабылданған, өзге құжаттармен белгіленген Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне, сондай-ақ Қоғам Басқармасының құзыретіне жатпайтын, Қоғамның ағымдық қызметіне қатысы бар барлық қалған мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

124. Қоғам Президентінің шешімі бойынша Қоғам Басқармасының мүшелеріне оның өкілеттіктерінің бірі белгіленген тәртіппен берілуі мүмкін.

125. Жарғының осы бабының 124-тармағына сәйкес Президенттің бұйрығымен өкілеттік берілген Қоғамның Вице-президенті:

1) оның құзырына жататын мәселелер бойынша үшінші тұлғалармен, соның ішінде мемлекеттік және сот органдарымен қарым-қатынаста сенімхатсыз Қоғамның мүддесін білдіруге;

2) қайта сенім тапсыру құқығымен сенімхаттар беруге құқылы.

## 14-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫ ТҮЛҒАЛАРЫ

126. Қоғамның лауазымды тұлғалары (Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері, Басқарма мүшелері, соның ішінде Қоғам Президенті):

1) өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындайды және Қоғам мен Жалғыз акционердің мүдделерін неғұрлым жоғары деңгейде білдіретін тәсілдерді қолданады;

2) Қоғамның мүлкін пайдалануға немесе оның Жарғыға және Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы, сондай-ақ жеке мақсаттарда пайдаланылуына жол беруге және өздерінің аффилирленген тұлғаларымен мәміле жасасу кезінде оларға қиянатшылық жасауға тиісті емес;

3) тәуелсіз аудит жүргізуді қоса алғанда, бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру жүйесінің тұтастығын қамтамасыз етуге міндетті;

4) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Қоғамның қызметі туралы ақпараттың жария болуын және берілуін бақылап отырады;

5) Қоғамның қызметі туралы ақпараттың, егер Қоғамның ішкі құжаттарымен өзгеше көзделмесе, соның ішінде Қоғамда жұмыс істеуін тоқтатқан сәттен бастап үш жыл ішінде құпиялығын сақтайды.

127. Қоғамның лауазымды тұлғалары Қоғам және Жалғыз акционер алдында олардың әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) келтірілген зиян үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, соның ішінде:

1) қателесуге әкеліп соғатын ақпарат немесе көрінеу жалған ақпарат берудің;

2) Заңмен белгіленген ақпарат берудің тәртібін бұзудың нәтижесінде шеккен залалдар үшін жауапты болады.

128. Қоғам Жалғыз акционердің шешімінің негізінде сотқа лауазымды тұлғаның Қоғамға келтірген зиянын не болмаса залалдарының орнын толтыруы туралы жүгінуге құқылы.

129. Қоғамның лауазымды тұлғалары егер олар Қоғамның не болмаса Жалғыз акционердің зиян шегуіне әкеліп соққан Қоғамның органы қабылдаған



шешімге қарсы дауыс берсе, немесе дауыс беруге қатыспаса, жауапкершілік босатылады.

## 15-БАП. ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

130. Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметін бақылауды, Қоғамның ішкі бақылау саласындағы бағалауды, тәуекелдіктерді басқаруды, корпоративтік басқару саласындағы құжаттарды орындауды және Қоғамның қызметін жетілдіру мақсатында консультация беруді жүзеге асыру үшін Ішкі аудит қызметі құрылады. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесінің және Қоғамның Басқармасының құрамына сайлана алмайды.

131. Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесі белгілеген тәртіппен:

1) Директорлар кеңесіне Қоғамның қызметі туралы тәуелсіз объективті ақпарат береді;

2) бағалау жүргізеді, консультация береді және жүйелендірілген бірізділік тәсілдеме қолданып, тәуекелдіктерді басқару, ішкі бақылау корпоративтік басқару процестерін жетілдіруге септігін тигізеді;

3) Ішкі аудит қызметі туралы ережеге сәйкес оның құзырына кіретін функцияларды жүзеге асырады.

132. Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және оның алдында өзінің жұмысы туралы есеп береді. Ішкі аудит қызметіне жетекшілік ететін Қоғамның Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті жүзеге асырады. Ішкі аудит қызметінің міндеттері мен функциялары, оның құқықтары жауапкершілігі, сондай-ақ оның жұмыс тәртібі Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның Ішкі аудит қызметі туралы ережемен белгіленеді.

133. Қоғам мен Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері арасындағы еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен және Директорлар кеңесінің шешімі негізінде Қоғам Президентімен және Ішкі аудит қызметі қызметкерлері арасында жасалатын еңбек шартымен реттеледі.

## 16-БАП. КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫ

134. Корпоративтік хатшы - Директорлар кеңесінің немесе Қоғамның Басқармасының мүшесі болып табылмайтын Қоғам қызметкері, Директорлар кеңесімен тағайындалады және Директорлар кеңесіне есеп береді.

135. Корпоративтік хатшының құзыреті мен қызметі белгіленген тәртіппен Директорлар кеңесімен бекітілетін Корпоративтік хатшы туралы ережемен және Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленеді.

136. Қоғам мен Корпоративтік хатшы арасындағы еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен және Қоғамның Президенті мен Корпоративтік хатшы арасында жасалатын еңбек шартымен реттеледі.

## 17-БАП. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП БЕРУ, ЕСЕПКЕ АЛУ ҚҰЖАТТАМАСЫ ЖӘНЕ АУДИТ

137. Күнтізбелік жыл (1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейін) Қоғамның қаржылық жылы болып табылады.

138. Қоғамның бухгалтерлік есепке алуын жүргізу және қаржылық есеп беруін жасау тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес белгіленеді.

139. Басқарма аудиті Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет жөніндегі заңдарына сәйкес жасалған өткен жылғы жылдық қаржылық есептілікті жыл сайын талқылау және бекіту үшін Қоғамның Жалғыз акционеріне табыс етеді. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі Жалғыз акционердің бекіту датасынан кем дегенде 30 (отыз) күн бұрын Қоғамның Директорлар кеңесінің алдын-ала бекітуіне жатады.

Қаржылық есептіліктен басқа Басқарма Жалғыз акционерге аудитордың ұсыныстарын қоса (басшылыққа хат), аудиторлық есеп береді.

140. Қоғам Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қаржылық жылдың нәтижелері бойынша жыл сайын аудит жүргізеді.

141. Қоғамның аудиті Директорлар кеңесінің, Басқарманың бастамасы бойынша Қоғамның есебінен немесе Жалғыз акционердің талабы бойынша оның есебінен жүргізіледі, бұл ретте Жалғыз акционер аудиторлық ұйымды өздігінен белгілеуге құқылы. Аудит Жалғыз акционердің талабы бойынша жүргізілген жағдайда, Қоғам аудиторлық ұйым сұратқан барлық қажетті құжаттаманы (материалдарды) беруге міндетті.

142. Егер Басқарма Қоғамның аудитін өткізуден жалғаратын болса, аудит кез келген мүдделі тұлғаның талабы бойынша соттың шешімімен тағайындалуы мүмкін.

143. Қоғам жыл сайын бұқаралық ақпарат құралдарында Қоғамның шоғырландырылған жылдық қаржылық есебін жариялауға міндетті.

144. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігінің шүбәсіздігін, сондай-ақ істердің ағымдық жай-күйін тексеру және растау үшін Қоғам жыл сайын қаржылық есептілік пен аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес қаржылық жылдың қорытындылары бойынша кем дегенде 90 күннен кейін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Жалғыз акционердің шешімдерімен белгіленген тәртіппен жыл сайын аудит жүргізуге міндетті.

## 18-БАП. ҚОҒАМНЫҢ АҚПАРАТТЫ АШУЫ

145. Қоғам өз қызметі туралы ақпаратты белгіленген тәртіппен Интернет желісінде Қоғамның WEB-сайтында ([www.railways.kz](http://www.railways.kz)) және (немесе) мерзімдік баспада жариялайды.

Қоғам тиісті фактілер туындаған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Жалғыз акционердің мүддесін қозғайтын Қоғамның іс-әрекеті туралы ақпаратты Жалғыз акционердің назарына жеткізуге міндетті.

Жалғыз акционердің мүддесін қозғайтын ақпарат болып:

1) Қоғамның Жалғыз акционері мен Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдер және қабылданған шешімдердің орындалуы туралы ақпарат;

2) Қоғамның акциялар мен басқа да бағалы қағаздарды шығаруы және уәкілетті органның Қоғамның бағалы қағаздарды орналастыру қорытындылары туралы есептерін бекітуі, Қоғамның бағалы қағаздарды өтеу қорытындылары туралы есептерін бекітуі, уәкілетті органның Қоғамның бағалы қағаздарын жоюы;

3) Қоғамның ірі мәмілелер және Қоғамның оны жасауға өзі мүдделі мәмілелер жасасуы;

4) Қоғамның меншікті капиталы көлемінің жиырма бес және одан да астам пайызын құрайтын көлемде Қоғамның қарыз алуы;

5) Қоғамның қандай да бір қызмет түрлерін жүзеге асыруға лицензиялар алуы, Қоғамның бұрын қандай да бір қызмет түрлерін жүзеге асыруға алған лицензияларының іс-әрекетін тоқтата тұруы немесе мүлде тоқтатуы;

6) Қоғамның заңды тұлғаны құруға қатысуы;

7) Қоғамның мүлкін пайдалануға тыйым салынуы;

8) нәтижесінде теңгерім құны Қоғам активтерінің жалпы көлемінің одан немесе одан да астам пайызын құрайтын Қоғамның мүлкі жойылған төтенше сипаттағы жағдайлардың тууы;

9) Қоғамды және оның лауазымды тұлғаларын әкімшілік жауапкершілікке тарту;

10) корпоративтік дау бойынша сотта іс қозғау;

11) Қоғамды еркінен тыс қайта ұйымдастыру туралы шешім;

12) Қоғамның Жарғысына сәйкес Жалғыз акционердің мүддесін қамтитын өзге ақпарат танылады.

146. Жарғының осы бабының 145-тармағында көрсетілген Қоғамның іс-әрекеті туралы ақпарат беру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Корпоративтік дау бойынша сотта іс қозғау туралы ақпарат корпоративтік дау бойынша Қоғам азаматтық іс жөніндегі соттың тиісті хабарламасы (шақыруын) алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде Жалғыз акционерге табыс етілуі тиіс.

147. Қоғамның оның қызметіне қатысты құжаттарын Қоғам Басқарманың орналасқан жері бойынша оның бүкіл қызмет ету мерзімі бойына сақтауы тиіс.

148. Сақтауға мынадай құжаттар жатады:

1) Қоғамның Жарғысы, Жарғыға енгізілген өзгертулер мен толықтырулар;

2) құрылтайлық жиналыстардың хаттамалары;

3) Қоғамның заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелгені (қайта тіркелгені) туралы куәлік;

4) Қоғамның статистикалық карточкасы;

5) Қоғамның белгілі бір қызмет түрлерімен айналысуға және (немесе) белгілі бір іс-әрекеттер жасауға лицензиялары;

6) Қоғамның өзінің балансында тұрған (бұрын тұрған) мүлікке деген құқығын растайтын құжаттар;

7) Қоғамның бағалы қағаздарын шығару проспектілері;

8) Қоғамның бағалы қағаздарды шығаруының мемлекеттік тіркелуін, бағалы қағаздардың жойылуын, сондай-ақ Қоғамның уәкілетті органға берілген бағалы қағаздарын орналастыру және өтеу қорытындылары туралы есептердің бекітілуін растайтын құжаттар;

9) Қоғамның филиалдары және өкілдіктері туралы ережелер;

10) қоса берілген материалдарымен бірге Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімдері;

11) Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары (сырттай өткізілген отырыстардың шешімдері), Директорлар кеңесінің күн тәртібіне қойылған мәселелер жөніндегі материалдары;

12) Басқарма отырыстарының хаттамалары (шешімдері);

13) корпоративтік басқару кодексі ол болған жағдайда.

149. Өзге құжаттар, соның ішінде Қоғамның қаржылық есебі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мерзім бойы сақталады.

150. Оған Жарғының осы бабында көрсетілген ақпарат пен құжаттарды беру туралы Жалғыз акционердің сұратуы бойынша Қоғам тиісті сұратуды алған күнінен бастап отыз күннің ішінде, егер сұратуда өзге мерзім көрсетілмеген болса, оларды Қоғамның ішкі басшылық құжаттарымен белгіленген тәртіппен және Қоғамның коммерциялық, қызметтік немесе заңмен қорғалатын өзге құпиясын қамтамасыз ету жөніндегі шектеулерін ескере отырып, өтінім берушіге ұсынуы міндетті.

Қоғамның бағалы қағаздарын шығарудың, орналастырудың, айналымға шығарудың және конвертациялаудың жекелеген мәселелерін регламенттейтін, қызметтік, коммерциялық немесе өзге де заңмен қорғалатын құпиядан тұратын құжаттар Жалғыз акционерге танысуға оның талап етуі бойынша ұсынылуы тиіс.

151. Қоғам өзінің аффилирленген тұлғаларын есепке алуды осы тұлғалардың берген мәліметтерінің негізінде жүргізеді.

Қоғам өзінің аффилирленген тұлғаларының тізімін құнды қағаздардың рыногын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органға ол белгілеген тәртіппен береді.

152. Жалғыз акционер және Қоғамның лауазымдық тұлғалары өздерінің аффилирленген тұлғалары туралы ақпаратты Жарғы бекітілген күннен бастап 15 күннің ішінде, сондай-ақ аффилирленгендік пайда болуы бойынша ол пайда болған күннен бастап 7 күннің ішінде ақпаратты Қоғам Президентіне береді.

Бұрынғырақ Жалғыз акционермен немесе Қоғамның лауазымдық тұлғасымен аффилирленген ретінде көрсетілген тұлға ондай болудан қалған жағдайда, Жалғыз акционер немесе Қоғамның лауазымдық тұлғасы бұл жөнінде Қоғам Президентін 5 күндік мерзімде хабардар етеді.

Аффилирленген тұлғалар жөніндегі ақпарат Қоғам Президентіне құнды қағаздардың рыногын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органның бекіткен нысанына сәйкес беріледі.

## 19-БАП. ҚОҒАМДЫ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ

153. Қоғамды қайта ұйымдастыру Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген ерекшеліктер ескеріліп, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

154. Егер қайта ұйымдастырылған жағдайда, Қоғам өз қызметін тоқтататын болса, оның акцияларын шығару Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен жойылуға жатады.

## 20-БАП ҚОҒАМДЫ ТАРАТУ

155. Қоғамды еркімен тарату туралы шешімді Қоғамның Жалғыз акционері қабылдайды, ол кредиторлардың келісімімен және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың бақылауымен тарату рәсімін белгілейді.

156. Қоғамды еркінен тыс таратуды Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделген жағдайларда сот жүзеге асырады.

Қоғамды тарату туралы талап, егер өзгедей Қазақстан Республикасының заңнамасымен қаралмаған болса, сотқа мүдделі тұлғалармен берілуі мүмкін.

157. Соттың немесе Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімімен Қоғамды тарату туралы тарату комиссиясы тағайындалады.

Тарату комиссиясы Қоғамды тарату кезінде оны басқару және тізбесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген қызметтерді жасау жөніндегі өкілеттіктерге ие болады.

Өз еркімен тарату кезінде тарату комиссиясының құрамына Қоғам кредиторларының өкілдері, Жалғыз акционердің өкілдері, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешіміне сәйкес өзге де тұлғалар енгізілуі тиіс.

158. Қоғамды тарату рәсімі және оның кредиторларының талаптарын қанағаттандыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

159. Қоғамды тарату кезінде оның жарияланған, соның ішінде орналастырылған акциялары Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен жойылуға жатады.

## 21-БАП. ЖАРҒЫНЫҢ КҮШІНЕ ЕНУІ

160. Осы Жарғы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен оны мемлекеттік тіркеген күннен бастап күшіне енеді.

## 22-БАП. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

161. Жарғы баптарының тақырыптары оның түсіндірмесіне ықпал етуді тиісті емес.

162. Егер Жарғы ережелерінің біреуі жарамсыз болып шықса, онда ол қалған ережелердің жарамдылығына ықпалын тигізбейді.

Жарамсыз ереже құқықтық тұрғыдан рұқсат етілген, мағынасы жағынан жақын ережемен алмастырылады.

**«Қазақстан темір жолы»  
ұлттық компаниясы»  
акционерлік қоғамның  
Президенті**



**А.Мамин**

Тридцатого декабря две тысячи десятого года я, Носова Надежда Дмитриевна  
города Астана, государственная лицензия №0001430 выдана Министерством  
Республики Казахстан 19 мая 2003 года, свидетельствую подлинность  
Президента Акционерного общества «Национальная компания «Казакстас»  
г.р. Мамина Аскара Узакпаевича, которая сделана в моем присутствии  
подписавшего/ей/ документ установлена. Полномочия представителя пров.

Зарегистрировано в реестре за № 18898  
Оплачено нотариусу по ставке г/п  
Нотариус



30  
12.14